



Астана қаласы

2023 жылғы 17 сәуір – 02 маусым

Баспасөз хабарламасы

Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің тапсырмасы бойынша «Мамандықтар әлемін ашамыз» республикалық форумын қашықтық форматында өткізеді.

Форумның мақсаты: Қазақстанның еңбек нарығы мен экономикасының болашағында сұранысқа ие және қажетті болашақ мамандықты сәтті таңдау үшін білім алушылардың мамандықты оқып білуге шығармашылық тәсілдемесін жандандыру, білім алушылар мен педагогтерді бірлескен қоғамдық маңызды кәсіби бағдар қызметіне тарту.

Бүгінгі таңда оқушылардың кәсіби бағдарлануына көп көңіл бөлінеді. Жұмыстың бұл бағыты қосымша білім беруде басым бағыттардың бірі болып табылады. Форумға облыстық, Астана, Алматы және Шымкент қалалық кезеңдердің 180 жеңімпаздары қатысады.

Форум қатысушылары ZOOM платформасында «Мен мамандықты ... таңдаймын», «Болашақтың мамандығы...», «Менің кәсібім – менің бизнесім» номинациялары бойынша жобаларын қорғайды. Олар қазіргі әлемнің мамандықтары, олардың тартымдылығы туралы ғана емес, болашақ мамандықтары туралы да айтып, таңдалған мамандықтың бизнес-жоспарын ұсынады.

Сондай-ақ, қатысушылар «Мамандық тұлғасы» бейнесюжетіне сілтемелер береді, онда өз өлкесінің қандай да бір мамандық өкілі туралы әңгімелейді.

Форум азаматтықтың негіздерін, патриотизм сезімін, салауатты өмір салты қағидаттарын қалыптастыруға, жеке даму, кәсіби өзін-өзі анықтау үшін жағдай жасауға бағытталған.

Форумға қатысу болашақ мамандықты саналы түрде таңдауға, кәсіби әлемнің ерекшеліктерін білуге, әртүрлі кәсіптер мен еңбек әулеттерінің өкілдеріне деген құрмет сезімін тәрбиелеуге қызығушылықты дамытуға ықпал етеді, балалардың бойында үздік болуға деген позитивті ұмтылысын қалыптастырады.

Форум республикалық деңгейде дарынды балаларды анықтау жүйесін құру мүмкіндіктері мен шарттарын бағалауға, әртүрлі салаларда кәсіби бағдар беруге бағытталған.

Форумның қорытындысы бойынша жеңімпаздарға сыйлықтар жолданады. Жеңімпаздарға дипломдар, жеңімпаздардың жетекшілеріне – алғыс хаттар, барлық қатысушыларға – сертификаттардың электрондық нұсқалары www.ziyatker.org сайтында орналастырылады.

Қосымша ақпарат алу үшін мына телефонға хабарласуға болады: +7 (7172) 64-75-89; e-mail: rumcdo_nton@mail.ru